

### Сведения об авторе

**Самекбаева Эльмира Максұтқызы** – кандидат филологических наук, доцент, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: [elmira5\\_66@mail.ru](mailto:elmira5_66@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>.

### Information about the author

**Elmira Samekbayeva** – candidate of philological sciences, associate professor, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: [elmira5\\_66@mail.ru](mailto:elmira5_66@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0137-463X>.

*Редакцияға енуі 03.05.2026*

*Өңдеуден кейін түсуі 20.06.2026*

*Жариялауға қабылданды 29.06.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-3](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-3)

FTAMP: 16.21.51

### Г.М. Мамырбек

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28

ORCID: 0000-0002-7399-2122

e-mail: [gulfar76@mail.ru](mailto:gulfar76@mail.ru)

## XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РЕСМИ-ІСКЕРИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАРМАҚТАРЫ

**Аңдатпа.** Мақалада XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасу үдерісі, оның қоғамдық қызметі мен функционалдық тармақтарының даму ерекшеліктері тарихи-лингвистикалық және лингвостилистикалық тұрғыдан қарастырылады. Қазақ қоғамындағы саяси-әкімшілік қатынастардың күрделенуі, Ресей империясымен дипломатиялық және әкімшілік байланыстардың кеңеюі, сондай-ақ Орта Азия хандықтарымен жүргізілген ресми қарым-қатынастар нәтижесінде қалыптасқан жазба коммуникация жүйесінің тілдік сипаты талданады. Зерттеудің дереккөзін XVIII-XIX ғасырларға қатысты ресми хаттар, арыз-өтініштер, әкімшілік құжаттар, құқықтық-нормативтік мәтіндер, жарлықтар мен ресми хабарламалар құрайды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы, мәтіндік және лингвостилистикалық талдау әдістері қолданылды.

Талдау нәтижесінде қазақ ресми-іскери тілінің сол кезеңде дербес функционалдық жүйе ретінде қалыптасқаны анықталды. Ресми мәтіндердің басты белгілері ретінде стандарттылық, клишелену, терминдену, құрылымдық тұрақтылық, ақпараттың нақтылығы мен эмоционалдық бейтараптық айқындалды. Ресми хаттар, нормативтік-жарлықтық құжаттар және әкімшілік құжаттар қазақ ресми-іскери тілінің негізгі функционалдық тармақтары ретінде жүйеленді. Сонымен қатар араб-парсы және орыс тілдерінен енген лексикалық бірліктердің ресми стильдің қалыптасуы мен терминологиялық жүйесінің дамуына ықпалы сараланды. Зерттеу нәтижелері қазақ әдеби тілінің тарихын, тарихи стилистика мен функционалдық стильдер жүйесін зерделеуде маңызды ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Мақала қазақ ресми-іскери дискурсының тарихи негіздерін айқындауға және оның қазіргі ресми тілмен сабақтастығын анықтауға бағытталған.

**Тірек сөздер:** ресми-іскери стиль, функционалдық стиль, қазақ әдеби тілі тарихы, ресми құжаттар тілі, тарихи стилистика, әкімшілік құжаттар, ресми хаттар.

### Кіріспе

Тіл қоғамдық қатынастардың барлық саласында қызмет ететін әмбебап коммуникативтік құрал ретінде әр кезеңнің әлеуметтік, саяси және мәдени сұраныстарына сәйкес дамып отырады. Қоғамдық институттардың күрделенуі мен басқару жүйесінің жетілуі тілдің жаңа функционалдық салаларының қалыптасуына ықпал етеді. Осындай салалардың бірі – ресми-іскери стиль. Бұл стиль мемлекеттік басқару, құқықтық қатынастар, дипломатиялық байланыстар және әкімшілік қызмет аясындағы коммуникацияны жүзеге асыратын маңызды тілдік жүйе.

Қазақ әдеби тілінің тарихи даму жолында ресми-іскери стильдің қалыптасуы ерекше орын алады. XVIII ғасырдан бастап қазақ даласының сыртқы саяси байланыстарының күшеюі, Ресей империясымен ресми қарым-қатынастың жүйеленуі, ішкі әкімшілік құрылымдардың өзгеруі және құжаттық коммуникацияның кеңеюі жазба тілдің жаңа функционалдық тармағының дамуына негіз болды. Осы кезеңде ресми сипаттағы хаттар, өтініштер, шағымдар, жарлықтар, ережелер, шарттар және түрлі әкімшілік құжаттар пайда болып, қоғамдық қатынастарды реттеудің негізгі құралдарының біріне айналды.

Қазақ тіл білімінде ресми стиль мәселелері негізінен әдеби тіл тарихы, тарихи лексикология және функционалдық стилистика аясында қарастырылып келеді. Қ. Жұбанов [1], М. Балақаев [2], Р. Сыздық [3, 4], Б. Әбілқасымов [5], Ш. Мажитаева, Н. Ерғазиева еңбектерінде қазақ ресми жазба тілінің тарихи қалыптасуы мен тілдік ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан сипатталған. Аталған зерттеулер қазақ ресми іс қағаздарының қалыптасу кезеңдерін анықтауға мүмкіндік бергенімен, олардың функционалдық тармақтарын қазіргі функционалдық стилистика тұрғысынан жүйелі талдау мәселесі толық шешімін тапқан жоқ.

Соңғы жылдары халықаралық тіл білімінде тарихи дискурс, құжаттық коммуникация және институционалдық мәтіндер мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Қазіргі зерттеулер ресми стильді тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, қоғамдағы билік қатынастары мен әлеуметтік институттардың қызметін бейнелейтін мәдени-тарихи феномен ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас қазақ ресми-іскери тілінің тарихи даму жолын жаңа ғылыми әдіснамалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

XVIII-XIX ғасырлар қазақ қоғамының саяси құрылымында түбегейлі өзгерістер орын алған кезең болды. Ресей империясының әкімшілік реформалары, хандық билік жүйесінің трансформациясы, жаңа басқару институттарының қалыптасуы және құқықтық нормалардың қайта құрылуы ресми құжаттардың сандық әрі сапалық тұрғыдан көбеюіне әсер етті. Осы жағдайлар қазақ ресми-іскери тілінің қызмет аясын кеңейтіп, оның ішкі құрылымының күрделенуіне ықпал етті.

Зерттеудің өзектілігі қазақ ресми-іскери тілінің тарихи даму кезеңдерін қазіргі функционалдық стилистика теориясы негізінде қайта қарастыру қажеттілігімен айқындалады. Ресми стильдің қалыптасуы мен оның функционалдық тармақтарын анықтау қазақ әдеби тілінің тарихын толықтыруға, тарихи құжаттардың тілдік табиғатын терең түсіндіруге және қазіргі ресми-іскери тілдің тарихи негіздерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтап, оның негізгі функционалдық тармақтарын лингвостилистикалық тұрғыдан сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды: қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасуына әсер еткен тарихи-әлеуметтік факторларды анықтау; ресми құжаттардың негізгі түрлерін жүйелеу; ресми мәтіндердің тілдік және стильдік ерекшеліктерін сипаттау; ресми стильдің функционалдық тармақтарын айқындау; тарихи ресми мәтіндердің қазіргі ресми-іскери тілмен сабақтастығын көрсету.

### **Материалдар мен әдістер**

Функционалдық стилистика тілдің қоғамдық қызметімен тікелей байланысты тіл білімінің маңызды салаларының бірі болып саналады. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктерін коммуникация мақсатына сәйкес қарастыруға мүмкіндік береді. Ғылыми әдебиеттерде функционалдық стиль ұғымы қоғамның белгілі бір қызмет саласында қалыптасқан және тұрақты қолданылатын тілдік жүйе ретінде түсіндіріледі.

В.В. Виноградов, М.Н. Кожина, Д.Н. Шмелев және И.Б. Голуб еңбектерінде функционалдық стильдердің құрылымы, белгілері және ішкі жіктелуі кеңінен қарастырылған. Аталған ғалымдардың пікірінше, әрбір функционалдық стиль қоғамдық қажеттіліктен туындайды және белгілі бір коммуникативтік міндеттерді орындауға бағытталады. Сондықтан стильдердің қалыптасуы тілдің ішкі заңдылықтарымен қатар қоғамның тарихи даму ерекшеліктерімен де байланысты болады.

Қазақ тіл білімінде функционалдық стильдерді ғылыми тұрғыдан жүйелеу мәселелері өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды зерттеле бастады. Қазақ ғалымдары

функционалдык стильдердің қалыптасуын ұлттық әдеби тілдің дамуымен тығыз байланыста қарастырады. Әсіресе ресми стильдің пайда болуы мемлекеттік басқару жүйесінің дамуымен және жазба дәстүрдің кеңеюімен сабақтас құбылыс ретінде бағаланады.

Қазіргі функционалдык стилистика теориясында ресми-іскери стиль бірнеше ішкі тармақтарға бөлінеді. Олардың қатарына заңнамалық құжаттар, әкімшілік құжаттар, дипломатиялық хат-хабарлар, ұйымдық-өкімдік құжаттар және іс жүргізу мәтіндері жатады. Әрбір тармақтың өзіндік жанрлық ерекшеліктері болғанымен, олардың барлығына ортақ белгілер сақталады. Олар: ақпараттың нақтылығы; бірмағыналылық; логикалық жүйелілік; стандарттылық; терминологиялық тұрақтылық; эмоционалды-экспрессивті құралдардың шектеулігі.

Ресми мәтіндердің маңызды белгілерінің бірі – клишелену құбылысы. Клише белгілі бір коммуникативтік жағдаяттарда тұрақты қолданылатын дайын тілдік құрылымдарды білдіреді. Тарихи құжаттарда мұндай құрылымдар құжаттың ресмилігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның құқықтық күшін де арттырған.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми құжаттарында клишелердің кең таралуы басқару жүйесінің тұрақтылығын және ресми коммуникацияның қалыптасқан нормаларын көрсетеді. Мысалы, «мағлұм қыламыз», «ғарыз қыламыз», «мәрімізді бастық», «падишаһ хазіреттеріне», «фарманыңыз бұйырылса» сияқты тұрақты орамдар ресми мәтіндердің ажырамас элементтері болған.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-лингвистикалық, сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи және дискурстық талдау әдістері құрайды. Материалдарды талдау барысында құжаттардың құрылымы, лексикалық құрамы, терминологиялық жүйесі және коммуникативтік мақсаты кешенді түрде қарастырылды.

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Бізге жетіп сақталған ресми іс қағаз үлгілерінің нұсқалары дәл қазіргідей нормаға түсе қоймаса да, XVIII ғасырдан бастап-ақ ресми стильдің қалыптаса бастағандығының куәсі бола алады. Аталмыш кезеңде ресми стильдің қарапайым түрлерінен бастап (өтініш, арыз, т. б.) күрделі үлгілеріне (жарғы, жарлық, ереже, т. б.) дейін қолданыста болғандығын көреміз. Қарым-қатынастың жеке-жеке салаларының қажеттілігінен пайда болған стильдердің ішкі тармақтары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды әр кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық өзгерістермен байланысты қарастыру керек. Себебі тілдің коммуникативті қызметі қоғамға тәуелді.

Жалпы ғылымда функционалдык стильдердің тілдік жүйесі бірдей еместігі әлдеқашан дәлелденген. Демек әр стильдік жүйе өз ішінде бірнеше жанрларға тармақталып кетеді. Алайда, стильдерді іштей шағын стильдерге (подстиль) немесе жанрларға бөлуге келгенде ғалымдар тарапынан жасалған топтастыруларда бірізділік жоқ. Бірақ та «функционалдык стильдің әрқайсысы ішкі микростильге (подстильге, жанрлық түрлерге) бөлінеді, олардың әрбірінің өз тілдік-стильдік ерекшеліктері болады, бірақ әрбір подстильде жалпы стильдік (макростильдік) сипаттар, ерекшеліктер жоғалып кетпейді» деген ғалымдар пікірі қашан да маңызды [6]. Қазақ тіл біліміндегі функционалдык стильдерді стильдік белгілерге топтастыруда, ішкі тармақтардың өзіндік ерекшеліктерін жүйелеуде қазақ ғалымдары, көбінесе орыс ғалымдарының теориялық тұжырымдарын басшылыққа алады [7, 8, 9, 10, 11].

Орыс ғалымдары ресми стильді іштей әкімшілік-кеңсе құжаттары [12], әскери құжаттар [13], коммерциялық хат-хабарлар [14] дипломатиялық және заңнамалық құжаттар сияқты тармақтарға бөледі. Демек бұл ішкі тармақтардың өзі қоғамдағы белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай пайдаланылады. Ал ресми стильдің негізгі белгілеріне «міндеттеушілік-әкімшілік сипатын», «екіұштылықтың болмауын», «стандарттылығын» және «клише, штамп құрылымдық жүйесінің сақталуын» жатқызады.

Клише – қарым-қатынас жасау барысында сөйлеу ситуациясында оңай айтылатын дайын сөйлем орамы, сөздер тіркесі, стереотип [15]. Яғни ресми стилдің тілдік құрылымында клишелер басты нысан болып табылады. Сондықтан бұл стилдің «сыртқы формасының өзі белгілі бір ақпаратты бере алады» [13]. Ал штамп – тілдің өңделіп ажарланған, тұрақты

калыптасқан құралы (дайын элементі). Кез келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем жиі қолданудың нәтижесінде штамп бола алады [15].

XVIII-XIX ғасырлардағы ресми іс-қағаз үлгілерінде де клишелер мен штамптар, стандартты құрылымдар қолданыста болған. Мәселен, ресми іс қағаздардың бір тармағы болып табылатын патша, император аттарына жолдаған хаттардың барлығында күдіретлү уа шаукетлү; биүк император ағзам; мархаматлү бадшаһым; бадшаһ ағзам; үлүғ падшаһ император ағзам; үлүғ бадшаһым; үлүғ бек мархаматлү император падишаһ; хұрметлү падишаһ; ғадүл падишаһ; ғиззатлү хұрметлү уа меруетлү уа дәулетлү уа шәукетлү уа барчаға рахымлы үлүғ падишаһ секілді сөздер тұрақты түрде қолданылса, өтініш мәнді жазбаларда ғарыз қыламыз; мағлұм қыламыз; фарманларұңыз бүйүрүлса ерді; берүлсе ерді, алтүн мөһрлі фарманнамаларұңызнұ тілейміз; ғарызымызға мархаматлы хұкүмүңізні қылғайсызлар секілді тіркестер пайдаланылып отырған.

Хат мазмұны шағым ба, мәлімдеме ме, хабарлама ма оны да мәтіннің бас жағында көрсетіп кетіп отырады: Сырым батыр Дад ұғлындан табиғна ғарызнама; көрген жафаларұмыз үчүн ғарызнама; Бөкенбай ұғлындан иғламнама; кічі йүз ақсақаллары бірлө тамам халқының ғарызнамасы; кічі йүзінің Қаратай хандан ғарызнама; йанаралға арыз.

Ал эпистолярлық стилдегі жеке тұлғалардың бір-біріне жазысқан хаттарында «сәлем хат» екендігін білдіру мақсатында баршаларыңызға бірдейін сәлемлерімізден; дұғай сәлемлерімізді ирсал иоллладық; Қадырдан ағамыз Байекеге сәлем; дұғай сәлемлерүмні ирсал иолладүкім деген тәрізді тіркестермен хатты бастап отырған.

Ресми стилдің құқықтық құжаттар тармағында эмоционалды-экспрессивті сөздер мен этикеттер, бейнелі сөз тіркестеріне шектеу қойылып, нормалылыққа бағындырылатыны мәлім. Бұндай жанрлық-тілдік белгілер заңдылығы Абайдың қатысумен жасалған Қармола сиезіндегі Ережелер жинағында сақталған деуге болады. Мәселен, черезуйчайнай сиезнің билігі; дауласқучылар бітүмі; дауласқучыларның куәлары; жауабкерлернің шақырылуы; жауабкер арызы; даугер бірлән жауабкер; айғақ куәлүгі; куәләрні чакыру; күмәнчинің хисабы; чығұн құны; ердің құны; барұмта құны; набактыға отүрғүзүлады; чығұннан басқа айыб бүйүрүладүр; айыбландүрадүр; ат чапан айыб немесе черезуйчайнай сиезнің билеріне текшермекке берүлсүн; уактылы күнін анұклаб иазарға міндетлідүр; книгеге тіркелсін тәрізді сөздердің әр бабта бірізді жүйемен қолданылып отыруы сол кезеңдегі ресми стилдің өзінің іштей тармақталғанын аңғартады.

Ресми хаттарға тән нормалардың тағы бірі – құжат мерзімінің, адресат пен адресант мәліметінің, мекен-жайдың көрсетілуі. Бұл ерекшелік аталмыш кезеңдегі ресми стиль үлгілерінде қатаң түрде болмаса да арагідік сақталып отырған. Мәселен, арыз, өтініш немесе ұсыныс жазбаларында мәтін соңында бұл қағаздың кімнен екендігі көрсетіліп, дәлел ретінде мөр басылғандығы жазбаша түрде хабарланады. Мысалы:

«Орынборның сархад ішлерін ада уә тәкмил едучі комиссие мехкемесінен ол мехкеменің қазыларының еллері бірлө шаһналық мөһрі имза қылынұб мақсудның 7 күнінде 1808 иылда».

«...сәна 1141 нәжим ахрабының 5 йұмына үшбу ғарыз орта йүзнің Жәнібек тархан кәнду мөһрүн уа ғайри орта йүз кічі йүзнің билері һәм батұрлары тамғаларына бастылар».

«Кічі йүз қырғыз қазақ иұртының Бай ұғлы руғының рағиатыңның баш ыстрашинасы тархан Сырым батыр Дат ұғлы мөһрімні басдұм. 1790 сана Сырым ибн Дад. Мизанның 11 иұмында».

«... падишаһ йолында өзүміз Әбілхайыр хан Нұралы хан Ерәлі хан Хожахмед сұлтан Достғали сұлтан Айчуақ сұлтан Әділ сұлтан Чыңғүз сұлтан ағамыз Ниаз сұлтан арғынлар Қарабаш сұлтан Дәрмұхамед Орұс сұлтан».

«...кічі йүз қырғыз қазақ йұртының Бай ұғлы руғының рағиатыңның баш страшинасы тархан Сырым батыр Дат ұғлы мөһірімні басдұм».

«...үшбунар инанмақ үчүн кічі йүзнің Қаратай кандуалым илә мөһрүм басдұм».


«...көб көб тәубенчілік бірлән құллық етүб өтүнүб йазғучы Нәрка сұлтан Қарабай ұғлы кәндалим бірлән мөһрүм басдым», т.б.

«...үшбу 74-баблы ережені бізлер жасадық қазақ рәсімінче таза көңлүміз һәм әділетүміз илән уа һәм раслұғына инандұрамыз. Пауладар уезінің биі Иусуф Ианыш ұғлы, би Исабердалы ұғлы, би Молдабай Сәрсен ұғлы..., Қарқаралы уезінің биі Хакім Хұдайменді ұғлы, би Абай Майқы ұғлы..., Семейпулат уезінің хұрметлі қазақлары Ибраһим Құнанбай ұғлы, Хұдайберген Тастамбек ұғлы..., Өскемен уезінің болұс харунжи Ислам Алихан ұғлы..., колларын қойды».

Қазіргі кезеңде ресми стилдерге қойылатын қатаң талаптардың бірі – орфографиялық мәселелердің дұрыс сақталуы. Алайда XVIII-XIX ғасырлардағы үлгілерде азатжол, бас әріп, тыныс белгілері мүлде кездеспейді деуге болады. Бұның басты себебі – сол кезеңдегі жазба тілде арнайы емле ережелерінің болмауынан.

Тағы бір тоқтала кететін жайт XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы ресми іс қағаздар үлгілерінде араб, парсы, сөздері арқылы термин қалыптастыру қарқынды түрде орын алса, XIX ғасырдың II жартысындағы, әсіресе «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінде тұрақты түрде жарияланып тұрған бұйрық-жарлықтарда терминдерді орысша беру немесе орыс сөздерін қазақшалау үрдісі басым болды. Мысалы, кірме сөздер арқылы берілетін мына сөз тіркестерін бастапқы кезеңде тұрақты қолданыста болған терминдер жүйесі ретінде қабылдауға болады: ағзам хәзіретлер (ұлы хазіреттер), бадшаһым хазіретлер (патша хазіреттері), дахил олынды (кірді), ғасил олынды (жетті), ирсал иолладұқ (өтініш жібердік), табиғыңызда болғучы (билігіңізге бағынушы), иығлатар фарманұңыз (қатал бұйрығыңыз), кіріфтар олұнмыш адам (тұтқын), махзун олдұм (ренжідім), иіберген ферзенд (елші), намақұл харакат (қателік іс), көрген жафа (көрген қорлық), иттифақларымыз бір болұб (ауызбіршілік сақтау), кетхұдамыз болсұн (досымыз болсын, дұшпан болмасын), бихисаб уа бинаһиат бұзғынлығы (шектен шыққан жамандығы), истирахат болмас (тыныштық болмайды), қазақ рағиаты (қазақ елі), шафақатлы назарларұңыз (дұрыс пейілдеріңіз), ішлерүн ада қылғучы (істерін басқарушы, билеуші), әмір фарманы (шығарған бұйрығы), мағлұм қыламын (мәлімдеймін), тәслим қылсұн (тапсырсын), сахрауи қазақлар (қыр қазақтары), мархамадда болұр ердүк (риза болатын едік) т.б.

Сонымен, XVIII-XIX ғасырларда қолданыста болған ресми стильдің ішкі тармақтарын былайша жүйелеп көрсетуге болады (1-сурет):



1-сурет. XVIII-XIX ғасырларда қолданыста болған ресми стилі

Ресми хаттарға – 1732 жылдардан бастап патшаға, губернаторларға жолдаған хан-би, сұлтандардың жолдаған өтініштері, арыздары, хабарламалары, мәлімдемелері мен шағымдары жатады.

Нормативті жарлықшы құжаттарға – қол қойып, мөр басу тәртібіне қатысты лауазым иелеріне арналып шығарылған нұсқаулық, губернатордың діни ұстамыға қатысты болыстарға жіберген циркуляры, Абайдың қатысуымен Қарамола сиезінде жасалған заң ережесі, Қыр облыстарын басқарушыларға арналған жарлық, алғашқы қазақ газеттерінде

жарияланып тұрған бұйрықтар, 1822 жылдардан бастап шыға бастаған «Сібір қырғыздары туралы» уставтар, генерал-полковниктердің қазақ көтерілістері туралы жасаған рапорттары, 1844 жылғы Орынбор қазақтарын басқару туралы ережелер, 1847 жылғы ұлы жүз сұлтандары мен билерінің Кенесары Қасымұлына қатысты қабылдаған қаулысы т.б. жатады.

Әкімшілік құжаттарға – коменданттың Орал өзенінен мал айдап өтуге берген рұхсат қағазы, 1808 жылғы кедей қазақтың хорунжиге қыз сату кезінде жасасқан шарты, ұлы жүз сұлтандарының бодандыққа берген анты, т.б. жатады.

Бұл көрсетілген ішкі тармақтар, аталмыш кезеңдерде ресми стилдің түрлері ретінде қолданыста болды. Осылайша қазақ қоғамындағы іс қағаздар XIX ғасырдың екінші жартысына дейін ескі қазақ жазба тілінде қызмет етті. Бұл стилдің қарапайым түрінен бастап күрделі түрлеріне дейінгі даму сатыларын бізге жетіп сақталған, мұрағаттық жазбалардан көре аламыз [16, 17, 18, 19].

Зерттеу нәтижелері XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасуы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік даму үдерістерімен тығыз байланысты болғанын көрсетті. Ресми құжаттардың мазмұны мен құрылымы қоғамдағы басқару жүйесінің күрделену деңгейін және мемлекеттік институттардың қалыптасу ерекшеліктерін бейнелейді.

Қазіргі функционалдық стилистика теориясында ресми-іскери стильдің басты белгілері ретінде стандарттылық, дәлдік, логикалық жүйелілік, терминологиялық тұрақтылық және эмоциялық бейтараптық қарастырылады. Зерттеу барысында аталған белгілердің барлығы XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми құжаттарына да тән екендігі анықталды. Бұл жағдай қазақ ресми-іскери тілінің сол кезеңнің өзінде дербес функционалдық жүйе ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Талдау нәтижелері ресми құжаттардың құрылымдық ұйымдасуында белгілі бір нормалардың қалыптасқанын көрсетті. Әсіресе ресми хаттарда адресатқа құрмет білдіру формулаларының, негізгі мәселені баяндау үлгілерінің және қорытынды бөлімнің тұрақты қайталануы мәтіндердің жанрлық тұрақтылығын қамтамасыз еткен.

Зерттеу барысында ресми стильдің үш негізгі функционалдық тармағы айқындалды:

- ресми хаттар;
- нормативтік-жарлықтық құжаттар;
- әкімшілік құжаттар.

Бұл жіктеу құжаттардың коммуникативтік мақсаты мен тілдік ерекшеліктеріне негізделеді. Әрбір тармақтың өзіндік жанрлық сипаты болғанымен, олардың барлығы ресми дискурстың ортақ қағидаларына бағынады.

Ресми хаттарда дипломатиялық және әкімшілік қатынастардың тілдік көрінісі басым болса, нормативтік құжаттар құқықтық реттеу қызметін атқарған. Әкімшілік құжаттар қоғамдық басқару жүйесінің күнделікті қызметін қамтамасыз ететін құрал ретінде пайдаланылған.

Клише мен формулалық құрылымдардың кең таралуы ресми коммуникацияның институционалдық сипатын көрсетеді. Бұл құбылыс қазіргі ресми-іскери стильдің негізгі белгілерінің бірі ретінде сақталып отыр. Демек қазіргі қазақ ресми тілі өзінің тарихи негіздерін XVIII-XIX ғасырлардағы жазба құжаттардан алады.

Араб-парсы және орыс тілдік элементтерінің қатар қолданылуы қазақ ресми-іскери тілінің көпқабатты табиғатын айқындайды. Бір жағынан, шығыстық жазба дәстүрдің ықпалы байқалса, екінші жағынан, Ресей империясының әкімшілік жүйесі арқылы енген жаңа терминологиялық қабат қалыптасқан.

Зерттеу нәтижелері қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасу тарихын тек тілдік құбылыс ретінде емес, қазақ қоғамының мемлекеттік басқару мәдениетімен байланысты кешенді үдеріс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Зерттеу барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми-іскери тілі қазіргі функционалдық стилистика теориясы негізінде қайта қарастырылып, оның дербес функционалдық жүйе ретінде қалыптасқандығы дәлелденді.

Қазақ ресми құжаттарының жанрлық құрамына лингвостилистикалық жіктеу жасалып, олардың үш негізгі функционалдық тармағы анықталды.

Ресми хаттар, нормативтік-жарлықтық және әкімшілік құжаттардың құрылымдық ерекшеліктері жүйеленді.

Тарихи ресми мәтіндердегі клише, штамп және формулалық құрылымдардың коммуникативтік қызметі алғаш рет кешенді түрде сипатталды.

Қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасуына ықпал еткен араб-парсы және орыс тілдік қабаттарының функционалдық рөлі нақтыланды.

XVIII-XIX ғасырлардағы ресми құжаттар мен қазіргі қазақ ресми-іскери тілінің арасындағы тарихи сабақтастық айқындалды.

### **Қорытынды**

XVIII-XIX ғасырлар қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасуы мен дамуындағы маңызды тарихи кезең болып табылады. Осы кезеңде қазақ қоғамындағы саяси, әкімшілік және құқықтық қатынастардың күрделенуі нәтижесінде ресми коммуникацияның тұрақты жүйесі қалыптасты.

Зерттеу нәтижелері ресми-іскери стильдің қоғамның мемлекеттік басқару қызметімен тікелей байланысты болғанын көрсетті. Хандық билік пен Ресей империясының әкімшілік құрылымдары арасындағы ресми қатынастар, жергілікті басқару институттарының қызметі және құқықтық нормалардың жүйеленуі ресми құжаттардың сандық әрі сапалық дамуына ықпал етті.

Талдау барысында XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ресми құжаттарының үш негізгі функционалдық тармағы анықталды: ресми хаттар, нормативтік-жарлықтық құжаттар және әкімшілік құжаттар. Аталған тармақтардың әрқайсысы өзіндік коммуникативтік мақсатқа қызмет еткен және арнайы тілдік құралдар жүйесі арқылы жүзеге асқан.

Ресми мәтіндердің тілдік табиғаты олардың жоғары деңгейде стандартталғанын көрсетеді. Құжаттарда клишелердің, формулалық құрылымдардың, тұрақты терминологиялық бірліктердің кеңінен қолданылуы ресми стильдің қалыптасқан нормалары болғанын дәлелдейді.

Қазақ ресми-іскери тілінің дамуына шығыстық жазба дәстүр мен ресейлік әкімшілік жүйе қатар әсер еткен. Соның нәтижесінде қазақ ресми дискурсында араб-парсы және орыс тілдік элементтерінен құралған көпқабатты терминологиялық жүйе қалыптасты.

Қазіргі қазақ ресми-іскери тілі өзінің тарихи бастауларын XVIII-XIX ғасырлардағы құжаттық мұрадан алады. Сондықтан тарихи ресми мәтіндерді зерттеу қазақ әдеби тілінің тарихын, функционалдық стилистиканы және ұлттық құқықтық мәдениетті тануда маңызды ғылыми бағыттардың бірі.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ ресми-іскери тілінің қалыптасу эволюциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және тарихи стилистика, дискурс теориясы мен қазақ әдеби тілі тарихы салаларындағы болашақ зерттеулерге теориялық негіз бола алады.

### **Әдебиеттер**

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
3. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
4. Сыздық Р. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 248 б.
5. Әбілқасымов Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Санат, 2005. – 272 б.
6. Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XX ғғ.). – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 242 б.
7. Ерғазиева Н. Формирование и развитие официально-деловой речи в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1972. – 29 с.
8. Томанов М. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
9. Кожина М.Н. Стилистика русского языка. – 4-е изд. – Москва: Флинта: Наука, 2008. – 464 с.
10. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – Москва: Наука, 1963. – 255 с.

11. Шмелев Д.Н. Русский язык в его функциональных разновидностях. – Москва: Наука, 1977. – 168 с.
12. Голуб И.Б. Стилистика русского языка. – Москва: Айрис-пресс, 2010. – 448 с.
13. Гальперин И.Р. Очерки по стилистике английского языка. – Москва: Либроком, 2012. – 376 с.
14. Брандес М.П., Провоторов В.И. Предпереводческий анализ текста. – Москва: КДУ, 2006. – 224 с.
15. Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
16. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: сб. документов и материалов. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. – 740 с.
17. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы): сб. документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 572 с.
18. Вяткин М.П. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). Т. 4. – Москва: Ленинград: Изд-во АН СССР, 1940. – 543 с.
19. Вяткин М.П. Материалы по истории Казахской ССР (1741-1751 гг.). Т. 2. Ч. 2. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1948. – 456 с.
20. Құдайбергенова Қ. Қазақ ресми ісқағаздар тілінің қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 286 б.
21. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 140 б.
22. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана: Фолиант, 2006. – 272 б.
23. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330 б.
24. Момынова Б. Қазақ тіліндегі ресми дискурс мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021. – № 4. – Б. 15-25.
25. Мажитаева Ш. Қазақ ресми жазба тілінің тарихи арналары // Вестник Карагандинского университета. Серия Филология. – 2022. – № 3(107). – Б. 52-60.
26. Әбілқасымов Б. Қазақтың ескі жазба тілі және ресми құжаттар тарихы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – № 6. – Б. 110-117.
27. Crystal D. The Cambridge Encyclopedia of Language. – 3rd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2019. – 524 p.
28. Bhatia V.K. Analysing Genre: Language Use in Professional Settings. – London: Routledge, 2014. – 246 p.
29. Fairclough N. Language and Power. – 3rd ed. – London: Routledge, 2015. – 278 p.
30. Swales J.M. Genre Analysis: English in Academic and Research Settings. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011. – 260 p.

### References

1. Zhubanov Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Studies on the kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1999. – 581 b. (in Kazakh)
2. Balaqaev M. Qazaq adebi tili zhane onyn normalary [The kazakh literary language and Its norms]. – Almaty: Gylym, 1984. – 184 b. (in Kazakh)
3. Syzdyq R. Qazaq adebi tilinin tarikhy [History of the kazakh literary language]. – Almaty: Ana tili, 1993. – 320 b. (in Kazakh)
4. Syzdyq R. XVIII–XIX gasyrlardagy qazaq adebi tilinin tarikhy [History of the kazakh literary language in the 18<sup>th</sup>-19<sup>th</sup> centuries]. – Almaty: Mektep, 1984. – 248 b. (in Kazakh)
5. Abilqasymov B. Qazaq adebi tilinin tarikhy [History of the kazakh literary language]. – Almaty: Sanat, 2005. – 272 b. (in Kazakh)
6. Abilqasymov B., Mazhitaeva Sh. Qazaq adebi tilinin tarikhy (XV-XX gh.) [History of the Kazakh Literary Language (15<sup>th</sup>-20<sup>th</sup> Centuries)]. – Qaragandy: QarMU baspasy, 2009. – 242 b. (in Kazakh)
7. Ergazieva N. Formirovanie i razvitie ofitsial'no-delovoi rechi v kazakhskom iazyke [Formation and development of official business style in the kazakh language]: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Alma-Ata, 1972. – 29 s. (in Russian)

8. Tomanov M. Qazaq adebi tilinin qalyptasuy [Formation of the kazakh literary language]. – Almaty: Mektep, 1988. – 264 b. (in Kazakh)
9. Kozhina M.N. Stilistika russkogo iazyka [Stylistics of the Russian Language]. – 4-e izd. – Moskva: Flinta: Nauka, 2008. – 464 s. (in Russian)
10. Vinogradov V.V. Stilistika. Teoriia poeticheskoi rechi. Poetika [Stylistics. Theory of Poetic Speech. Poetics]. – Moskva: Nauka, 1963. – 255 s. (in Russian)
11. Shmelev D.N. Russkii iazyk v ego funktsional'nykh raznovidnostiakh [The russian language in its functional varieties]. – Moskva: Nauka, 1977. – 168 s. (in Russian)
12. Golub I.B. Stilistika russkogo iazyka [Stylistics of the Russian Language]. – Moskva: Airispress, 2010. – 448 s. (in Russian)
13. Gal'perin I.R. Ocherki po stilistike angliiskogo iazyka [Essays on English Stylistics]. – Moskva: Librokom, 2012. – 376 s. (in Russian)
14. Brandes M.P., Provotorov V.I. Predperevodcheskii analiz teksta [Pre-Translation Text Analysis]. – Moskva: KDU, 2006. – 224 s. (in Russian)
15. Suleimenova E.D. Til bilimi sozdigi [Dictionary of Linguistics]. – Almaty: Gylym, 1998. – 544 b. (in Kazakh)
16. Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVI-XVIII vekakh [Kazakh–Russian Relations in the 16th–18th Centuries]: sb. dokumentov i materialov. – Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1961. – 740 s. (in Russian)
17. Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVIII-XIX vekakh (1771-1867 gody) [Kazakh–Russian Relations in the 18th–19th Centuries (1771-1867)]: sb. dokumentov i materialov. – Alma-Ata: Nauka, 1964. – 572 s. (in Russian)
18. Viatkin M.P. Materialy po istorii Kazakhskoi SSR (1785-1828 gg.) [Materials on the History of the Kazakh SSR (1785-1828)]. Vol. 4. – Moskva; Leningrad: Izd-vo AN SSSR, 1940. – 543 s. (in Russian)
19. Viatkin M.P. Materialy po istorii Kazakhskoi SSR (1741-1751 gg.) [Materials on the History of the Kazakh SSR (1741-1751)]. Vol. 2. Pt. 2. – Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1948. – 456 s. (in Russian)
20. Qudaibergenova Q. Qazaq resmi isqagazdar tilinin qalyptasuy men damuy [Formation and Development of the Language of Official Documents in Kazakh]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2018. – 286 b. (in Kazakh)
21. Balaqaev M., Sergaliev M. Qazaq tilinin madenieti [Culture of the Kazakh Language]. – Almaty: Ziiat Press, 2006. – 140 b. (in Kazakh)
22. Sergaliev M. Stilistika negizderi [Fundamentals of Stylistics]. – Astana: Foliant, 2006. – 272 b. (in Kazakh)
23. Uali N. Qazaq soz madenietinin teoriialyq negizderi [Theoretical Foundations of Kazakh Speech Culture]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2007. – 330 b. (in Kazakh)
24. Momynova B. Qazaq tilindegi resmi diskurs maseleleri [Issues of Official Discourse in the Kazakh Language] // Qazaq tili men adiebieti [Kazakh Language and Literature]. – 2021. – No. 4. – B. 15-25. (in Kazakh)
25. Mazhitaeva Sh. Qazaq resmi zhazba tilinin tarikhi arnalary [Historical Sources of the Kazakh Official Written Language] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriiia Filologiia [Bulletin of Karaganda University. Philology Series]. – 2022. – No. 3(107). – P. 52-60. (in Kazakh)
26. Abilqasymov B. Qazaqtyn eski zhazba tili zhane resmi quzhattar tarikhly [Old Written Kazakh Language and the History of Official Documents] // Qazaqstannyn gylymy men omiri [Science and Life of Kazakhstan]. – 2020. – No. 6. – P. 110-117. (in Kazakh)
27. Crystal D. The Cambridge Encyclopedia of Language. – 3rd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2019. – 524 p.
28. Bhatia V.K. Analysing Genre: Language Use in Professional Settings. – London: Routledge, 2014. – 246 p.
29. Fairclough N. Language and Power. – 3rd ed. – London: Routledge, 2015. – 278 p.
30. Swales J.M. Genre Analysis: English in Academic and Research Settings. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011. – 260 p.

**Г.М. Мамырбек**

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынова,  
050000, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
ORCID: 0000-0002-7399-2122  
e-mail: gulfar76@mail.ru

## **ФОРМИРОВАНИЕ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ РАЗНОВИДНОСТИ КАЗАХСКОГО ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО ЯЗЫКА XVIII–XIX ВЕКОВ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются процессы формирования казахского официально-делового языка XVIII–XIX веков, а также особенности развития его функциональных разновидностей в историко-лингвистическом и лингвостилистическом аспектах. Анализируется языковая специфика письменной коммуникации, сложившейся в результате расширения дипломатических и административных связей Казахской степи с Российской империей, государствами Средней Азии и внутренними политическими институтами традиционного общества. Источниковую базу исследования составили официальные письма, прошения, административные документы, нормативно-правовые тексты, указы и официальные сообщения, относящиеся к XVIII–XIX векам. В работе использованы историко-сравнительный, описательный, текстологический и лингвостилистический методы исследования.

Результаты исследования свидетельствуют о том, что в рассматриваемый период казахский официально-деловой язык сформировался как самостоятельная функциональная система письменной коммуникации. Установлено, что основными признаками официально-деловых текстов являлись стандартизованность, клишированность, терминологическая упорядоченность, структурная устойчивость, точность передачи информации и эмоциональная нейтральность. Выделены и систематизированы основные функциональные разновидности официально-делового языка: официальная корреспонденция, нормативно-распорядительные и административные документы. Особое внимание уделено роли арабо-персидских и русских языковых элементов в становлении официального стиля и развитии его терминологической системы. Полученные результаты позволяют расширить представления об истории казахского литературного языка, исторической стилистике и эволюции функциональных стилей, а также выявить преемственность между историческим официальным дискурсом и современным официально-деловым языком.

**Ключевые слова:** официально-деловой стиль, функциональный стиль, история казахского литературного языка, язык официальных документов, историческая стилистика, административные документы, официальная корреспонденция.

**Г.М. Мамырбек**

Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,  
050000, Republic of Kazakhstan, Almaty, 28, Shevchenko Str.  
ORCID: 0000-0002-7399-2122  
e-mail: gulfar76@mail.ru

## **THE FORMATION AND FUNCTIONAL VARIETIES OF THE KAZAKH OFFICIAL- BUSINESS LANGUAGE IN THE 18th-19th CENTURIES**

**Abstract.** This article examines the formation of the Kazakh official-business language in the eighteenth and nineteenth centuries and explores the development of its functional varieties from historical-linguistic and linguostylistic perspectives. The study analyzes the linguistic characteristics of the written communication system that emerged as a result of the expanding diplomatic and administrative relations of the Kazakh steppe with the Russian Empire, the Central Asian khanates, and the internal political institutions of traditional Kazakh society. The research corpus includes official correspondence, petitions, administrative records, legal and regulatory documents, decrees, and official reports dating from the eighteenth and nineteenth centuries. Historical-comparative, descriptive, textual, and linguostylistic methods were employed to investigate the collected materials.

The findings demonstrate that the Kazakh official-business language evolved into an independent functional system of written communication during the period under consideration. The analysis reveals that standardization, formulaic expression, terminological consistency, structural stability, informational precision, and emotional neutrality constituted the principal features of official texts. The study identifies and systematizes the major functional branches of the official-business language, including official correspondence, regulatory and directive documents, and administrative records. Particular attention is paid to the influence of Arabic-Persian and Russian lexical elements on the formation of the official style and the development of its terminological framework. The results contribute to a deeper understanding of the history of the Kazakh literary language, historical stylistics, and the evolution of functional

